

ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК
Алматы филиалының Ақсу өндірістік учаскесі бойынша
2017 жылдың жылдық есебі.

Ақсу өндірістік учаскесі ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК Алматы филиалының құрымдылық бөлімшесі болып табылады. Кәсіпорынның негізгі басты міндеті, уақытында сапалы түрде суармалы суды аудандағы су пайдаланушыларға жеткізіп беру.

Ақсу ауданның суармалы жерінің жалпы аумағы **38,748 га** құрайды, оның ішінде пайдаланылатыны – **12,882 га**. Жалпы арналардың ұзындығы **962,3 км.**, оның ішінде **931,5 км.** тариф бойынша. Гидротехникалық құрылыстар – **430 дана**, гидрометриялық бекет – **55 дана**.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2017 жылдың 14 сәуірдегі № 90-НҚ бұйрығымен суды арналар арқылы 1 текшеметр суды жеткізіп беру тарифі **0,449 тг/м³** (ҚҚС қоспағанда) бекітілсе, 2017 жылдың 25 сәуір айында № 107-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазсушар» РМК Алматы филиалының Ақсу өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифі 1 маусымнан бастап **0,447 тг/м³** (ҚҚС қоспағанда) бекітілді.

Ақсу өндірістік учаскесі №КZ63VTE00001095 15.08.2017 жылы «ҚР АШМ суды қорғау және пайдалануды реттеу Балхаш-Алакөл бассейні инспекциясынан» алынған арнайы су пайдалануға рұқсаты бойынша тұтынушыларды суармалы сумен қамтамасыз етеді.

29.11.2017ж., №224-НҚ бұйрығымен Ақсу өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне түзетулерді ескере отырып, тарифтік сметасы бекітілген **0,449 тенге/м³** (ҚҚС қоспағанда) тарифімен.

- Ақсу өндірістік учаскесінің 2017 жылға Инвестициялық бағдарламасы №197 26.10.2017ж. ҚР АШМ Су ресурстары бойынша комитетімен және №102-НҚ 11.10.2017ж. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің бірлескен бұйрығы бойынша бекітілген. Ақсу өндірістік учаскесі 2017 жылға теңгеріміндегі негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары – **845,62** мың тенге құрады. Инвестициялық бағдарлама осы амортизациялық аударымдардың көлеміне сәйкес жобаланған:
 1. Мотоцикл Racer 1 дана - **289,0 мың тенге**;
 2. Кассалық аппараты «ОкаМФ» 1 дана – **31,0 мың тенге**;
 3. Кондиционер орнатылуымен 1 дана- **82,0 мың тенге**;
 4. Компьютер жиынтықта Intel G 620 2 дана – **192,00 мың тенге**;
 5. Көп функционалды құрылғы (принтер) 2 дана – **161,98 мың тенге**;
 6. Радиотелефон «Panasonic» 1 дана – **8,80 мың тенге**;
 7. Принтер HP Deskjet Ink Advantade 2020hc 1 дана – **20,00 мың тенге**.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Ақсу өндірістік учаскесінің Инвестициялық бағдарламасы 100 % орындалған және **60,82** мың тенге үнемделген: мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша.

- 2017 жылдың қорытындысы бойынша Ақсу өндірістік учаскесінде суды уақытылы және толық көлемде жеткізіп беру қызметінің табысы **37 986,22** мың тенгені құрайды, ал толық қажетті шығындарға **38 096,16** мың тенге қаражат жұмсалды. Және **109,94** мың тенге шығынға батты, себебі электрэнергия және банктің қызметтері үшін шығындары жоспарланғаннан асып кетті және Ақсу ауданындағы ішкі су жүйелерінің Қазсушар РМК-ның теңгеріміне өтуіне байланысты құжаттар дайындауға (мемлекеттік акт) -1 **247,32** мың тенге төленген болған.

- 2017 жылы су пайдаланушылармен **633 келісім шарт** жасалып, **84 944.54** мың/м³ су берілді. Ол жоспарланған көлемінің 100% орындалғаны.
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша Ақсу өндірістік учаскесінің алдында шаруа қожалықтардың дебиторлық қарызы **3 609,309 мың теңгені** құрайды. Жауапсыз тұтынушыларға сот шешімі шығарылды: «Қабырғатал-Оним» ПСК Нургожанов М., Есенбаев Сиязбек Балтабаевич К/Х «Маман».
- Бүгінгі таңда жанар-жағар май, тынайтқыш, жерді жырту, өнімді жинау қызметтердің құны неше есе қымбаттағанымен, ауыл шаруашылық дақылдарына су жеткізіп беру қызметінің тарифі, өнімнің өзіндік құны үлесінде су жеткізіп беру. Суды арналар арқылы шаруа қожалықтарына уақытылы және толық қанды жеткізіп беру үшін магистралды және шаруашылықаралық каналдарды ағымды жөндеуден өткізуге ғана керекті шығындар қарастырылған. Ал су нысандарын күрделі жөндеуден өткізу және қайта жаңғырту жұмыстары мүлде қаралмаған.

Тарифтік сметалық жоба шығынының **38 096,16 мың теңге** есебін жіктеп берейін:

Ақсу өндірістік учаскесінің тауарларды өндіруге және қызметтер ұсынуға кеткен шығындары **28 072,745 мың теңгені** құрайды, оның ішінде:

1. Материалдық шығындарына **1 349,84 мың теңге** жұмсалды, оның ішінде: **жанар-жағар майға** – 735 мың теңге; **қосалқы бөлшектерге** – 400 мың теңге; **электроэнергия шығындарын өтеуге** – 77,54 мың теңге; **отынға (көмір)** – 137,30 мың теңге.
2. Барлық гидротехникалық құрылғылардың сапалы және бүтін болуына, суды уақытысында және тиімді беріп отыруға персоналдың бекітілген нормативтік саны бойынша 34 адам жұмыс істеуде. Орташа айлық жалақы көлемі **72 571,50** теңгені құрайды. Алматы облысында статистика есебі бойынша орташа айлық жалақы (2017 жылғы ақпан айынада) 137 331, **теңгені** құрайды. Ақсу өндірістік учаскесінің жылдық жалақы қоры **25 826,98 мың теңге** (Өндірістік персонал – 20 179,33; Әкімшілік персонал – 5 647,65), оның ішінде социалдық салық пен аударымдары **-2 545,36 мың теңге** (Өндірістік персонал – 1 991,63; Әкімшілік персонал – 553,73); медициналық сақтандыру – **130,99 мың теңге** (Өндірістік персонал – 106,81; Әкімшілік персонал – 24,18) құрайды.
3. Амортизация аударымдар **-845,62 мың теңгені** құрайды.
4. **Су нысандардың ағымды жөндеуге** – 1 873,76 **мың теңгені** құрайды.

2017 жылы Ақсу өндірістік учаскесінде : «Правобережный» магистралды арнаның «Тыныбек» бөлгіш арнасында; «Қабырғатал» бөлгіш арнасында; «Ойтоған» бөлгіш арнасында; Буйен өзеніндегі «Танеке» бөлгіш арнасында ағымды жөндеулер жүргізілген.

5. Басқа шығындары – **1 725, мың теңгені** құрайды, оның ішінде: **байланыс қызметінің шығындары** – 215,31 мың теңге; **гидропосттарды аттестациялауға** – 162,60 мың теңге; **техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға** – 157,58 мың теңге; **іссапар шығындарына** – 449,26 мың теңге; **тұрақты жұмысы жолда болатын немесе әр тарапты жүру сипаты болған жағдайлар төлемдерге** – 741,02 мың теңге.

6. **Салықтар мен алымдарға** – 1 852,28 мың теңге, оның ішіне кіретін: **су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы** – 1 054,08 мың теңге (Алматы облыстық маслихаты бекіткен төлемақы ставкасы 0,92 тиын/текше метр); **қоршаған ортаны ластаған үшін төленетін төлемақы** – 13,44 мың теңге; **мүлік, автокөлік және жер салықтарына**- 784,77 мың теңге төленді.

7. **Басқа шығындары** – 1 945,58 **мың теңгені** құрайды, оның ішінде: **автокөліктің техникалық байқауына** – 11,21 мың теңге; **автокөлікті міндетті түрде сақтандыруына** – 39,04 мың теңге; **кеңсе тауарларына** – 116,74 мың теңге; **банктің қызметтері өтеу үшін**- 251,64 мың теңге; **банктің қызметтері үшін**- 200,95 мың теңге; **бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдарға жазылу және басып шығару** -41,69 мың теңге; **оргтехниканы жөндеу және қызмет көрсету шығындарына** – 22,20 мың теңге; **шеттегі**

ұйымдар мен өндіріспен айналысатын тұлғалар шығыны – 14,79; учаскенің теңгеріміне өткен каналдарың мемлекеттік тіркеуі үшін – 1 247,32 мың тенге.

- 2018 жылдың жоспары бойынша Қарасу ауылдық округында орналасқан «Бугумбай», «Мушумбай» магистралды арналарында және «Туржау», «Туржау 1», «Туржау 2», «Тоқтабулат», «Сығай», «Сығай 1», «Сығай 2», «Бозайғыр», «Ақанбай» бөлгіш арналарында ағымды жөндеулер жүргізіледі.

Ақсу өндірістік учаскесі бойынша 2018 жылға **82 447,86 мың м3** көлемінде су жеткізіп беру қызметі жоспарлануда. 2018 жылы суармалы су беру қызметтеріне тарифтің деңгейін өзгерту жоспарда жоқ.

Ақсу өндірістік учаскесінің
басшысы



Тынысбеков А.